

**«Ризашылық – мейірімділік бұлағы»
жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасы
(әдеби туынды)**

Кіріспе

«Ризашылық – мейірімділік бұлағы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасының тұжырымдамасы жобаның мақсаты, міндеттері, негізгі қағидалары мен іске асыру талаптарын анықтау мақсатында әзірленген (бұдан әрі – Жоба).

Елбасының «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламалық мақаласында және «Рухани жаңғыру» бағдарламасында *бәсекелестік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы* сияқты тұтас қоғамның, сондай-ақ әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бағыттары анықталған.

Алғыс айту күніне арналған «Ризашылық – мейірімділік бұлағы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасы Елбасының идеяларын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру бойынша Іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында өткізіледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқы Ассамблеясының XXII сессиясында 1 наурыз – барлық этностардың бір-біріне және қазақтарға алғыс білдіру күні деп белгілеу туралы ұсыныс жасады. «Бұл күн барлық қазақстандықтардың бір-біріне деген мейірімділігінің, достығының және махаббатының жарқын мерекесі болуы мүмкін».

«Өз тарихыңды есте сақта және мақтан ет» – бұл мерекенің басты негіздемесінің бірі. Ал осы күннің мақсаттарының бірі – өскелең ұрпақтың бойында толеранттылық сезімін, достығын және бірін бірі сыйлауға тәрбиелеу, сондай-ақ Қазақстандағы ұлтаралық келісімді нығайту.

Жоба балалардың ұлтаралық келісімін ақпараттық, білім беру, тәрбиелік, құқықтық аспектілерін қамтамасыз етеді. Ол балаларға, оның ішінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға толеранттылық тәрбие беру бойынша практикалық жұмысты ұйымдастыруға, осы балалармен және педагогтермен осы бағыттағы іс-шаралар кешенін әзірлеуге мүмкіндік береді.

Жобаны жүзеге асыру – балалардың, оның ішінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың бойында тұлғааралық және этносаралық қарым-қатынас мәдениетінің білімін, іскерлігін және дағдыларын қалыптастыруға, ұлттары басқа құрдастарына толерантты қарым-қатынас дағдыларын дарытуға мүмкіндік береді. Жоғарыда айтылған санаттағы балалардың Жобаның іс-шараларына қатысуы өнер, шешендік өнер арқылы ересектерге, бір біріне алғыстарын білдіруге, өздерінің барлық жақсы қасиеттерін көрсетуге жақсы мүмкіндік. Мاستы міндеті – тарихи жадын сақтау, ұрпақтар сабақтастығын,

халықтың мықты рухани-адамгершілік құндылықтары негізінде тұтастығын нығайту.

Жоба балаларды әртүрлі халықтар мен елдердің ұлттық мәдениетін, салт-дәстүрлерін зерделеуге, ынталандыруға ықпал ететін болады.

Жобаның мақсаты:

толеранттылықты тәрбиелеу және әртүрлі халықтардың мәдени дәстүрлерін зерттеу арқылы балалардың, оның ішінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың бойында рухани-адамгершілікті дамыту;

жалпы тарих, қазақтардың және барлық этностардың бір-бірін және қазақтарды қолдаудың арқасында бастан кешкен бірлескен қиындықтарды еске алу негізінде көпұлтты Қазақстанның бірлігін сақтау және дамыту.

Жобаның міндеттері:

«Мәңгілік Ел» және «Рухани жаңғыру» құндылықтары негізінде қазақстандық патриотизмді нығайту;

кешірімді болу, мейірімді болу дағдылары мен біліктерін қалыптастыру;

барлық этностар мен қазақ халқының мәдениеті және дәстүрлеріне құрметпен қарау сезімін қалыптастыру, қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті, ұлтаралық келісімді, түрлі этностар арасындағы достықты нығайту;

балалардың, оның ішінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың шығармашылықтарын дамыту мәселесіне қоғам назарын аударту;

салауатты, мәдени, еркін және жауапты тұлғаны дамыту.

Жобаны облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда жүзеге асыруды ұйымдастырушылар: жергілікті атқарушы органдар.

Жобаның қатысушылары: білім беру ұйымдарының білім алушылары, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған ұйымдардың тәрбиеленушілері.

Жобаның бірегейлігі этникалық және әлеуметтік жағдайына қарамастан, ұлттық тұтастық идеясын және еліміздің азаматтарының теңдігін көрсетуге, осылайша түрлі ұлттың балаларына тіл табысуға және бір-бірі және өзі туралы көбірек білуге көмектеседі.

Жобаның негізіне тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері алынған: азаматтық белсенділікті және жауапкершілікті қалыптастыру, «Мәңгілік Ел» Патриоттық Актісінің құндылықтарын алға қою, «тең теңімен» қарым-қатынасы, әлеуметтік мәселелерді шешудегі практикаға бағдарланған тәсіл.

Аталған Жоба балалардың әлеуметтік белсенділігін дамытуға, олардың мейірімді, төзімді болу уәждемелерін арттыруға бағытталған.

Жобаның іс-шараларына қатысу - білім беру кеңістігін кеңейтуге, өзін өзі танытуға және балалардың өзінің даралығын және ішкі шығармашылық әлеуетін дамыту процесінде және көркемдік және сәндік-қолданбалы өнер арқылы жеке мүмкіндіктерін түсінуге, нақты мәселелерді шешу жолдары мен тетіктерін қалыптастыруға, зияткерлік байқаулар мен құрылымдық пікірталастарды насихаттауға ықпал етеді.

Жоба балалардың түрлі қоғам салаларында белсенділік танытуы арқылы азаматтық саналылықты қалыптастыруға, азаматтық пен отансүйгіштіктің жаңа платформасын қалыптастыруға, Қазақстан патриотының синкретикалық бейнесін – өмір бойы білімді насихаттайтын жауапты тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Жоба аясында өткізілетін іс-шаралар

Өңірлік кезең (болжамды тақырыптар):

бір тақырыпқа біріктірілген сыртта қатысатын іс-шаралар, көрмелер, байқаулар;

«Қазыналы керуен», «Дәстүр – халқымыздың рухани өзегі», «Қолөнер – тәрбие көзі», «Жүректен – жүрекке», «Халқыма ризамын», «Алғысым шексіз халқыма» шығармашылық фестивалдері;

«Өмірге риза болып, алғыс айт!», «Ризашылық марафоны», флешмоб «Ризамын!», қайырымдылық акциялары, арт-акциялары;

«Бір Отан – бір отбасы» тақырыптық сағаттар, «Сегодня - День благодарности!» дөңгелек үстел, «Татулықтың тұтқасы - бірліктің бесігі» әдеби марафон және т.б.;

«Мен алғыс айтамын!», «Жүрек жылуы», «Әлемге алғыс», «Алғыс айту - парызым», «Мейірімді жүрек – жылы тілек», «Шын жүректен мың алғыс», «Қазақ халқына алғысым шексіз», «Пёстрое царство – земное государство» (халықтардың түрлілігі туралы) фото көрмелер.

Өңірлік және республикалық іс-шаралар

1) «Қазақстан – менің алтын бесігім» Республикалық балалар фестивалі (бұдан әрі – Фестиваль) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың тәрбиеленушілері арасында өткізіледі.

Фестивальдің мақсаты: жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың шығармашылық әлеуетін ашу үшін ашық кеңістікті құру, қазақстандық қоғамның дәстүрлі мәдени, рухани және адамгершілік құндылықтарына негізделген азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру үшін жетістік жағдайын жасау, төзімділікті тәрбиелеу және Қазақстан халқының түрлі этностарының мәдени дәстүрлерін зерттеу.

Фестивальдің номинациялары:

«Татулықтың тұтқасы - бірліктің бесігі» халық билері байқауы;

«Жүрек жылуы» вокалистер байқауы;

«Ризамын халқыма!» музыкалық-театрландырылған қойылымдар байқауы (мюзикл).

Фестиваль екі кезеңнен өткізіледі:

Бірінші кезең (іріктеу) - өңірлік:

Мектепшілік фестиваль;

аудандық (қалалық) фестиваль;

облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалық.

2) «Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың республикалық дебаттық турнирі (бұдан әрі – Турнир) жалпы білім беретін мектептердің білім алушылары, оның ішінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың арасында өткізіледі.

Турнирдің мақсаты: білім алушылардың шешендік сөз өнері дағдыларын және сендіру әдістерін, позитивті, сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыру, өзекті мәселелерді көпшілік алдында талқылау мәдениетін, құрылымдық сұхбат пен пікірталасты жүргізу мәдениетін дамыту.

Аталған жоба дебаттық қозғалыс мүмкіндіктерін кеңейту арқылы білім алушыларды әлеуметтендіру және өзін өзі дамыту міндеттерін шешуге бағытталған. Оқушылар дебатта пікірталас сұрақтарына **негізгі тақырыптарды** таңдайды – бұл Қазақстан Республикасының тұрақтылығы мен гүлденуі, бұл елдің қарқынды дамуына әрбір азаматтың жеке атсалысуы, қоғам игілігі үшін жұмыс істеу ниеті мен қабілеті, туған елдің игілігі үшін жастардың шығармашылық және ғылыми әлеуетін іске асыру, Қазақстанның дәстүрлерін сақтау және мәдени мұрасын дамыту – осы және басқа сұрақтар ашық дебаттарда талқылануы мүмкін.

3) «Шексіз шығармашылық» республикалық қашықтықтан өткізілетін байқау (бұдан әрі – Байқау) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың арасында өткізіледі.

Мақсаты: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың бейнелеу қызметі, сәндік-қолданбалы өнер шығармашылығындағы шығармашылық әлеуетін анықтау және ынталандыру, сондай-ақ шығармашылық қызметтерін ынталандыру және қолдау арқылы әлеуметтік оңалту.

Байқау келесі номинациялар бойынша жүргізіледі:

«Қазақстан – менің алтын бесігім» - суреттер байқауы.

«Алтын қолдар» - сәндік-қолданбалы өнер байқауы.

«Қиял-ғажайып әлем» - өз өлкесінің, өз отбасының және т.б. болашағы туралы ертегілер, әңгімелер байқауы.

Күтілетін нәтижелер.

Жобаны іске асыру балаларды, оның ішінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды Жоба аясындағы іс-шараларға кеңінен тартуға (млн. адамға дейін) ықпал етеді.

Жобаға қатысу балалар мен жоғары буындағы адамдардың балаларға азаматтық пен төзімділік тәрбие беру мәселелеріндегі өзара қызмет пен өзара көмекті жандандырады, өзінің өмірінің конструкторы мен ұйымдастырушысы болып табылатын тұлғаның әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру, заманауи қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуде балалардың бастамаларын қолдану.

Жобаны іске асыру – бұл «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясына, «Рухани жаңғыру» бағдарламасына негізделген балалардың, оның ішінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қосымша білімінің құндықтар

жүйесін, бәсекелестікті, прагматизмді, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның эволюциялық дамуы, сананың ашықтығына бағдарлануы.

Жобаны іске асыру - ұлты, тіліне қарамастан білім, ғылым және мәдениет саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге және бекітуге, қоғамды балалардың, оның ішінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың төзімділігін тәрбиелеуге араластыруға ықпал етеді.

Өңірлік және республикалық деңгейлерде іс-шараларды өткізу мейірімді эмоция атмосферасын құруға, шығармашылық жарысты дамытуға, жаңа ашылулардың пайда болуына бағытталған.

Жобаны іске асыру мониторингі әр өңірде көркем-эстетикалық, зияткерлік бағыттардағы іс-шараларға қатысатын балалардың, оның ішінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сандық, сапалық құрамын анықтауға мүмкіндік береді.